

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің  
«Информатика әлемі» үйіресінің

Талдау

2023-2024 оқу жылының I тоқсанында «Информатика әлемі» үйірмесінің жоспары құрылып, бекітілді. Жалпы үйірмеге 15 оқушы қабылданып, олардың құжаттары мен ата-аналардан үйірмеге қатынасу туралы анықтама алынды. Үйірмегі 5-8 класс оқушылары қабылданып, олардың класс ерекшеліктеріне қарай жоспар құрылып, оқушылардың медициналық тексеруден өткендігі туралы анықтамалары алынды. Оқушылар дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері үйірмеге шақырылды. Жалпы жоспарға сай оқушыларға компьютердің техникалық қауіпсіздігімен таныстырылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

Атап айтар болсақ 5 сыныпқа жоспарға сай кіріспе жұмысында ақпараттар, компьютерлердің құрылғылары, файлдар мен бумалар сонымен қатар программалар терезесі туралы түсіндірілсе, ғаламтор туралы және де презентация, презентацияны безендіру туралы сабақтар жүргізілді. 8 класс оқушыларына да кіріспе барысында программалау оның ішінде жоба құру, салыстыру операторлар, логикалық операторлар кейіптердің костюмін өзгерту туралы сабақтар жүргізіліп, «Робототехнология», «Презентациялар» тағы да басқа бөлімдермен сабақтар жүргізілді.

Үйірме жоспарына сәйкес 5-8 класс оқушыларына да толықтай үйірме сабақтары жүргізілді. Атап айтар болсақ, 5 класс оқушыларына «Интернеттегі қауіпсіздік» оның ішінде бүкіләлемдік интернет және де «Компьютер деректенін қалай өзгертуге болады», алгоритмдер жоба құру жұмыстары туралы сабақтар беріліп, практикалық жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар 6 класс оқушыларына ақпараттық үрдістер оның ішінде ақпараттарды өңдеу және ақпарат санын есептеу туралы сабақтар беріліп оқытылды. Компьютер туралы сағаттың ішінде жүйелік блоктың құрылғылары, монитор, тышқан компьютердің қосымша құрылғылары жете оқытыла отырып, графикалық және мәтіндік редакторлар туралы да ақпараттар беріліп

оқытылды. Соның ішінде суреттің үзінділерін ерекшелеу, маштаптау, қарапайым мәтін құру тағы сол сияқты жұмыстар жүргізіліп, соңғы сағаттарда қортынды сабақтар мен практикалар алынып отырды.

7 класс оқушыларына күрделі сабақтар беріліп, олардың өзінің жұмыс жасауына ықпалды тапсырмалар беріліп отырды. Атап айтар болсақ кіріспе сабағында ақпараттар яғни «Ақпараттың өлшем бірлігі», «Компьютерлік жад» және әр түрлі форматтағы файлдардың архивтерін құру және архивтен шығару туралы сонымен қатар «Желілер және қауіпсіздік», «Шешімдерді программалау» бөлімдерінде сабақтар беріліп, практикалық жұмыстар алынып отырды.

Үйірме жетекшісі: Тайбурин Дастан